



ХҒТАР 11.15.25

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-153-4-70-82>

Қазақстандағы отбасы саласындағы мемлекеттік саясат: әлеуметтік-саяси аспект

Е.О. Ермекбаева^{ID}, Қ.Д. Жанпейісова*^{1ID}, Р.М. Таштемханова^{ID}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: Enkosha_86_86@mail.ru, zhanpeissova_kd@enu.kz, tashtemkhanova@mail.ru)

Аңдатпа. Кейінгі уақытта мемлекеттік отбасы саясаты тақырыбы әлемдік жаһанданумен байланысты көптеген ғалымдардың назарында. Қазақстанда бұл тақырып әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмегенімен, ғылыми ортада оған деген сұраныс байқалуда. Қазіргі таңда отбасылық және демографиялық мәселелер әлеуметтік, мемлекеттік саясаттың, қоғамның және жалпы ғылымның назарында болуы маңызды. Заманауи отбасының тұрақты болуы мәселелері де назардан тыс қалмауы керек. Бұл мәселе отбасылық ажырасудың жай-күйі мен динамикасынан, олардың әлеуметтік-типологиялық және аймақтық аспектілерінен, ажырасу себептерінен тұрады. Осыған орай, бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы отбасының әлеуметтік-саяси аспектілері талданады. Зерттеу барысында ресми статистикалық деректер, мемлекеттік бағдарламалар және әлеуметтік зерттеулер нәтижелері қолданылды. 2019-2023 жылдар аралығындағы некеге тұру мен ажырасу динамикасы, оған әсер ететін әлеуметтік, мәдени және аумақтық факторлар қарастырылады. Отбасы институтының өзгеру динамикасы, неке санының төмендеуіне әсер етуші факторлар, мемлекеттік қолдау шаралары, гендерлік рөлдер мен қоғамдық құндылықтар жүйесіндегі орны сарапталады. Сонымен қатар, Қазақстандағы отбасылардың құқықтарын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасы мүшелерінің әлеуметтік жағдайын жақсарту және жалпы отбасы институтын нығайтуға бағытталған бірқатар маңызды заңнамалық актілер талданып, қазіргі заманғы жаһандану және урбанизация үдерістерінің отбасылық құрылымға ықпалы да қарастырылған. Мақаланы жазу барысында ұсынылған шаралар мен ұсыныстар отбасылардың әл-ауқатын жақсартуға, балалар мен әйелдердің құқықтарын қорғауды арттыруға, сондай-ақ елде неғұрлым тұрақты және үйлесімді отбасылық ортаны құруға бағытталған мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру үшін маңызды негіз бола алады.

Түйін сөздер: отбасы, әлеуметтік саясат, отбасы саясаты, демография, әлеуметтік даму, демографиялық саясат, урбанизация, отбасылық құрылым.

Түсті: 03.05.2025; Мақұлданды: 25.11.2025; Онлайн қолжетімді: 30.12.2025

Кіріспе

Қазақстан Республикасы әлеуметтік мемлекет деп танылғандықтан, оның негізгі басымдықтарының бірі болып мемлекеттің отбасы саласындағы саясаты танылады. Елімізде отбасылардың, әсіресе көп балалы отбасылардың өмір сүру жағдайын жақсарту, әлеуметтік қорғауды жақсарту, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау бойынша бүгінде әртүрлі шаралар қабылдануда. Қазақстанда отбасылық құндылықтар, құрылым және рөлдер елдің тарихи, мәдени және саяси ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Қазіргі уақытта әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен урбанизация, жаһандану үдерістері отбасылық қатынастарға елеулі әсер етіп отыр.

Мемлекеттің бірінші кезектегі міндеті – Қазақстан отбасыларының жайлы және бақуатты өмір сүруі үшін барынша қолайлы жағдай жасау. Мемлекет әртүрлі шарттар мен жағдайларды ескере отырып, отбасы саясатын іске асыруға кешенді түрде қарайды. Президент Ұлттық Құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде «Біз дәстүрлі отбасы құндылықтарын табанды түрде орнықтыра беруіміз қажет» деп атап көрсетті [1]. Сонымен қатар, мемлекеттің отбасы саясаты демография, әйелдердің рөлі, бала тәрбиесі, әлеуметтік жәрдемақылар сияқты бағыттарды қамтиды. Осы мақалада Қазақстандағы отбасының әлеуметтік-саяси аспектілері талданып, мемлекет саясатының тиімділігі мен қоғамдық құндылықтар жүйесіндегі орны қарастырылады. Сондай-ақ, отбасыны қорғауға және қолдауға арналған «Қазақстан-2050» стратегиясы, 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы, 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары мен Әлеуметтік кодекс сияқты маңызды құжаттар қарастырылып, ана мен баланы қорғау, көпбалалы отбасыларға көмек көрсету, ер мен әйелдің теңдігін сақтау, баспана мәселесін шешу және психологиялық көмек беру сияқты маңызды мәселелер талданады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Қазақстандағы отбасылық институт қоғамның әлеуметтік негізі ретінде маңызды рөлге ие. Жаһандану, урбанизация және әлеуметтік құндылықтардың өзгеруі қазіргі заманғы отбасылардың құрылымына елеулі әсер еткендіктен, соңғы жылдары некенің азаюы, ажырасудың көбеюі, бала туу көрсеткішінің төмендеуі, отбасылық зорлық-зомбылық және гендерлік теңсіздік сияқты мәселелердің артуы бұл институттың тұрақтылығына қауіп төндіріп отыр. Сондықтан, бүгінгі таңда отбасылық саясаттың мазмұны мен бағыттарын қайта қарау, ғылыми тұрғыдан кешенді зерттеуді қажет етеді.

Мақаланың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасындағы отбасылық саясаттың қазіргі жағдайына баға бере отырып, оның даму үрдістерін анықтау, әлеуметтік-саяси аспектілерін талдау. Сонымен қатар, отбасы институтын нығайтуға бағытталған мемлекеттік шаралардың тиімділігін қарастыру. Мақаланың зерттеу мақсатына сәйкес міндеттер қойылады. Яғни, мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамалардың отбасылық қатынастарға ықпалын бағалау; неке мен ажырасу динамикасын, олардың себептерін және салдарын талдау, неке санының төмендеуіне әсер етуші факторлар, мемлекеттік қолдау шаралары мен гендерлік рөлдердің қоғамдық құндылықтар жүйесіндегі орнын талдау.

Халықаралық деңгейде отбасылық саясат мәселесі XX ғасырдың екінші жартысынан бастап кеңінен зерттеле бастады. Отбасы саясатын жеке сала ретінде қарастырып,

оның теориялық түсінігін қалыптастыру қажеттігі швед саясаткері, әлеуметтанушы Альва Мюрдальдың 1939 жылы Швециядағы отбасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламаны жасау еңбектерінде көрініс табады [2].

Отбасылық саясатты ғылыми тұрғыдан зерттеудің алғашқы тәжірибесі 1986 жылы КСРО Социологиялық зерттеулер институтының «Отбасы әлеуметтік саясат объектісі ретінде» жинағында және Г.А. Заикинаның «Некелік-отбасылық қатынастарды реттеудің негізгі бағыттары мен әдістері» диссертациясында (1988 ж.) көрсетілген. Бұл жұмыстар отбасылық саясатты жүргізуге арналған тәсілдерді әзірлеуге талпыныс жасады, бірақ олар тек неке-отбасылық қатынастармен шектелді.

1992 жылы «Отбасы эволюциясы және КСРО-дағы отбасылық саясат» атты кітапта отбасылық саясатты қоғамдық қатынастарға мақсатты түрде әсер ету ретінде қарастыруға бағытталған кеңірек тәсіл ұсынылды. 90-жылдары отбасылық саясаттың заңнамалық негізі мен практикалық іске асырылуына арналған қосымша зерттеулер мен жарияланымдар, соның ішінде Г.И.Климантованың еңбектері және «90-жылдардағы СССР-дағы отбасылық саясат» бағдарламасының жобасы ұсынылды [3].

Отбасылық саясатты дамытудың ғылыми негіздері 60-80 жылдары А.И.Бестужев-Лада, В.А.Васильева, Л.Е.Дарский, А.Я.Кваша, И.С.Кон, М.С.Мацковский, Н.М.Римашевская, В.А.Сысенко, Б.Ц.Урланис, А.Г.Харчев, Б.С.Хорев, Н.Г.Юркевич, З.А.Янкова және т.б ғалымдардың зерттеулерінде қалыптасқан.

Посткеңестік кезеңде әлеуметтік және отбасы саясатына байланысты елеулі зерттеулер А.Кошанов, У.Баймуратов, М.Мельдаханова, С.Гайсина, В.Татибеков, В.Елизаров, И.Пивоварова және тағы басқалары сияқты авторлармен қалыптастырылса, қазақстандық зерттеушілер А.Жаназарова, Д.М.Темирбаева, Ж.А.Искакова, Д.А.Калетаева, Г.О.Әбдікерова, Н.П.Калашникова отбасылық қатынастардың әлеуметтік-мәдени аспектілерін, неке мен ажырасу себептерін, гендерлік теңсіздік пен тұрмыстық зорлық-зомбылықты зерттеген.

Зерттеу мақсатына жету үшін зерттеудің жалпы ғылыми әдістері қолданылды: талдау, синтездеу, тарихи әдіс, контент-талдау, салыстырмалы талдау әдістері. Сондай-ақ, автор Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректерін пайдаланды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Заңнамамен қамтамасыз етілген және бекітілген мемлекеттік отбасы саясатын іске асырудың мақсаттары, тетіктері мен бағыттары Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарымен айқындалады. Осылайша, еліміздегі отбасы саясатының негізгі бағыттарына келесілерді жатқызуға болады:

- көпбалалы отбасыларды қолдау;
- отбасылық және демографиялық бастамалар;
- денсаулық пен білім беруді жақсарту бағдарламалары;
- заңдар мен құқықтық бастамалар;
- тұрғын үй саясаты;
- психологиялық көмек және әлеуметтік қолдау;
- "Бақытты отбасы" бағдарламасы.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев отбасы саясатын нығайту мен отбасы құқықтарын қорғаудың маңыздылығын бірнеше рет атап өтті. 2021

жылғы Қазақстан халқына Жолдауында әйелдер мен балаларды қорғауды жақсарту бойынша шараларды күшейту, сондай-ақ халықтың барлық санаттары үшін әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыру қажеттігін, Қазақстан-2050 стратегиясының мақсаттарына неғұрлым тиімді қол жеткізу үшін бағдарламаларды іске асыру тетігіндегі әлеуметтік қызметтерді қайта қарау және жетілдіру қажеттігін атап өтті.

2025 жылғы 14 наурызда Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында Мемлекет басшысы әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, отбасыларды қолдау – мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Сонымен қатар, «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасын әзірлеу бастамасын қолдап, әлеуметтік осал топтардан шыққан балаларды қолдау қажеттігін және Әйелдердің қамаудағы жағдайын қарастыру туралы мәселелерді көтерді [4].

Осылайша Қазақстанда отбасы саясатын жүзеге асыруды қолдайтын және бағыт-бағдарын белгілейтін стратегиялық және бағдарламалық құжаттар жүйесі қалыптасқан [5].

Мысалы, «Қазақстан-2050» стратегиясы отбасылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған кең ауқымды шараларды қамтиды. Оның негізгі міндеттерінің бірі – ана мен баланы, отбасы мен некені қорғау саласындағы заңнаманы қайта қарау, осы саладағы заңнаманы бұзғаны үшін жазаны қатаңдату, сондай-ақ тууды ынталандыру және көп балалы болуды қолдау [6].

Мемлекеттік отбасы саясатын айқындайтын келесі негізгі құжат – Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы. Тұжырымдамада ерлер мен әйелдердің тең серіктестігіне негізделген неке-отбасы қатынастарын қалыптастыру, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту жөніндегі міндеттерін тең бөлу арқылы отбасы институтын нығайтуға айрықша назар аударылған [7].

2024 жылы қабылданған тағы бір бағдарламалық құжат – 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары [8]. Құжатта анықталған басым бағыттардың бірі – ана мен бала өлімін азайту бойынша кешенді шаралар қабылдау.

Негізгі бағдарлаушы құжаттар деңгейінде отбасылық саясаттың рөлін осылайша күшейту осы саланы біртіндеп институционализациялаудың жалғасы болып табылады. Мысалы, 2005 жылы консультативтік-кеңесші орган мәртебесіне ие әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия құрылды, сондай-ақ Отбасы күні бекітілді. Отбасылардың осал санаттарын әлеуметтік қолдаудың белгілі бір моделі құрылды, жәрдемақылардың бірнеше түрі анықталды, аз қамтылған отбасының әрбір мүшесіне атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) төлене бастады. Ана мен баланы әлеуметтік қолдаудың жаңа жүйесі және дамыды [9]. Сонымен қатар, Қазақстандағы отбасы жағдайының перспективалары мен даму бағыттарын айқындайтын жан-жақты зерттеулер жүргізу мақсатында "Қазақстандық қоғамдық даму институты" құрылымында отбасы институтын зерттеу орталығы құрылды.

Қазақстан Республикасының қазіргі отбасы саясатын жүзеге асыруда құқықтық және әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі бірқатар маңызды заңнамалық актілерге негізделеді. Бұл заңдар мен нормативтік актілер Қазақстандағы отбасылардың құқықтарын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасы мүшелерінің әлеуметтік жағдайын жақсарту және жалпы отбасы институтын нығайтуға бағытталған.

Қазақстан Республикасының негізгі отбасы заңнамалық құжаты болып табылатын «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі (2011 жыл) отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтайды. Оның басты ерекшелігі – неке және отбасы

институттарын мемлекет тарапынан қорғау, ер мен әйелдің тең құқықты екенін қамтамасыз ету, балалардың құқықтарын қорғау. Бұл заңнама отбасы институтын нығайту үшін маңызды болып табылады, өйткені ол отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға бағытталған. Сонымен қатар, Кодекс ер мен әйелдің тең құқықтарын сақтауға, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың міндеттерін тең бөлуге баса назар аударады [10].

Қазақстандағы отбасы саясаты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша маңызды қадамдар жасады. Атап айтқанда, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әртүрлі түрлерін, оның ішінде физикалық, психологиялық, сексуалдық және экономикалық зорлық-зомбылықты анықтап, оның салдарынан зардап шеккендерге құқықтық көмек көрсетуге бағытталған [11].

Қазақстандағы отбасылардың құқықтарын қорғауға бағытталған келесі нормативтік құқықтық акт – «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері туралы» Заңы. Бұл заң ер мен әйелдің құқықтарын теңестіру мақсатында қабылданған және Қазақстандағы гендерлік теңдікті нығайтуға бағытталған маңызды құжат болып табылады. Заңда әйелдердің еңбек құқықтары, әлеуметтік қорғау, отбасы құндылықтарын сақтауға арналған шаралар қарастырылған. Әсіресе, әйелдердің жұмыс орындарында, білім беру жүйесінде және қоғамдық өмірде тең құқықтарға ие болуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар енгізілген [12].

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі де отбасыларды әлеуметтік қолдау және қорғау мәселелерін реттейді. Бұл кодекс әлеуметтік қамтамасыз ету, жәрдемақылар, балаларды және аз қамтылған отбасыларды қолдау бойынша жаңа механизмдерді енгізеді. Ол отбасы мүшелерінің әл-ауқатын жақсартуға, отбасылық қолдау қызметтерін дамытуға, әлеуметтік қызметтерді тиімді іске асыруға бағытталса, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі де отбасы саясатының құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені ол отбасы мүшелеріне, әсіресе ата-аналарға, балаларына немесе тәуелді адамдарға күтім жасау үшін икемді еңбек шарттарын ұсынуға мүмкіндік береді. Жүктілік және бала күтімі кезеңінде еңбек құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету отбасылардың әлеуметтік қолдауының маңызды тетігі болып табылады [13-14].

Алайда жасалып жатқан іс-шараларға қарамастан, бүгінде мемлекеттік отбасы саясаты әлі де бірқатар сын-қатерге ұшырауда:

- ажырасулар санының әлі де көптігі;
- некеге тұрудың орташа жасының ұлғаюы;
- әйелдің бірінші баланы туғандағы орташа жасының ұлғаюы және соның салдарынан туу деңгейінің төмендеуі;
- некенің балама түрлерінің көбеюі, құндылықтардың өзгеруі. Мәселен, 2023 жылы ерлер арасында алғашқы некеге тұрудың орташа жасы 27,8 жасты, әйелдер арасында – 25,2 жасты құрады [15]. 2017 жылы ерлер арасында бұл көрсеткіш 27,5 жасты, әйелдер арасында – 25 жасты құраған [16]. Бірінші баланы туудың орташа жасының артуы да осымен байланысты. Осы кезеңде ол 25-тен 29,7 жасқа дейін өсті [17-18]. Төменде 1-суретте бірінші некеге тұрудың орташа жасы келтірілген.

1-сурет. Бірінші некеге тұрудың орташа жасы



Ескерту – ҚР СЖРА ҰСБ деректері негізінде автормен құрылды

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сәйкес, қазақстандықтар отыз жасқа дейінгі өмірлерін білімге, мансапқа, саяхатқа арнайды. Отбасылық өмір салты жеке қажеттіліктерге жол беріп, кейінге қалдырылады, бұл бірінші некеге тұрудың орта жасының өсуіне әкеледі.

Сонымен қатар ажырасу саны бес жыл қатарынан – 2019 жылғы 59 796-дан 2023 жылы 40 227-ге дейін азайып келеді.

1-кестеде елдегі тіркелген некелер мен ажырасулар қарқыны көрсетілген.

Кесте – 1. Қазақстан Республикасында 2019-2023 жылдар бойынша тіркелген некелер мен ажырасулар қарқыны

	2019	2020	2021	2022	2023
Жалпы некелер саны, оның ішінде	139 504	128 839	140 256	128 359	120 851
Қалада тіркелген неке саны	98 230	88 776	99 415	85 339	80 009
Ауылда тіркелген неке саны	41 274	40 063	40 841	43 020	40 842
Жалпы ажырасулар саны, оның ішінде:	59 796	48 002	48 239	44 517	40 227
Қалада тіркелген ажырасулар саны	44 081	34 419	34 825	33 229	29 389
Ауылда тіркелген ажырасулар саны	15 715	13 583	13 414	11 288	10 838
Ескерту – ҚР СЖРА ҰСБ деректері негізінде автормен құрылды					

1-кесте мәліметтерінен, 2019-2023 жылдар аралығында тіркелген некелер санының төмендеу қарқынына ие болып отырғанын байқауға болады (соңғы 5 жыл ішінде 18653 бірлікке азайған). Мұның бір себебі – демографиялық құлдырау. Қазіргі уақытта некеге тұратын ұрпақтардың, елде бала туудың төмендеуі орын алған 1995-2000 жылдары дүниеге келуімен байланысты.

Қорытындылай келе, тіркелген неке санының төмендеуі бірнеше факторларға байланысты болуы мүмкін, атап айтқанда:

– некесіз бірге тұрудың артуы: адамдар бірге өмір сүруді және ресми некесіз қарым-қатынасты қалауы мүмкін, бұл тіркелген неке санына әсер етуі мүмкін.

– әлеуметтік-мәдени өзгерістер мен құндылықтардың өзгеруі адамдардың ресми некеге тұру шешіміне әсер етуі мүмкін. Жастар өздерін дамыта отырып, мансап қуып,

некелесуді кейінге қалдырады. Бұның әлеуметтік себептеріне қаржылық тұрақсыздық, жастардың өмір сапасын жақсарту үшін жеке тұлғалық даму мен білім алуға назар аударуы кіреді.

– әйелдердің рөлі мен мәртебесінің өзгеруі: әйелдердің білімі мен кәсіби дамуының өсуі олардың қоғамдағы рөлі мен некеге деген көзқарасының өзгеруіне әкелуі мүмкін. Әйелдер өздерінің мансаптық мақсаттарын белсенді түрде жүзеге асыра алады және жеке амбицияларына жету үшін некені кейінге қалдыра алады. Ауылдық жерлерде тіркелген некелер саны тұрақты сақталып отыр. Бұл көрсеткіш 2019 жылы 41 274 болса, 2023 жылы 40 842-ге азайған, бірақ азаяды дегенмен, қаламен салыстырғанда өзгеріс өте аз.

Келесі көрсеткіш – ажырасулар саны 2019 жылы 59 796 болған, ал 2023 жылы 40 227-ге дейін (1,5 есеге) азайған. Бұл, бір жағынан, тіркелген некелердің санының азаюына сәйкес келеді.

Қалада тіркелген ажырасулар саны да азайған, 2019 жылы 44 081 болса, 2023 жылы 29 389-ға дейін төмендеген. Бұл қала тұрғындарының ажырасу деңгейінің төмендегенін көрсетеді. Ауылда да ажырасулар саны азайған. 2019 жылы 15 715 ажырасу тіркелсе, 2023 жылы бұл көрсеткіш 10 838-ге дейін төмендеген. Бұл ауылдағы әлеуметтік жағдайлардың жақсаруы немесе қоғамның өзгеруімен байланысты болуы мүмкін.

Нәтижелер көрсеткендей, Қазақстандағы отбасы институты әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси факторлардың ықпалымен өзгеріп келеді. Қала халқы санының өсуі мен қалалардың кеңеюі процесі, сондай-ақ ауылдық аймақтардан қалаға көшу үрдісі мен жаһандану ықпалы отбасылық құрылым мен құндылықтарға әсер етіп, жаңа рөлдер мен көзқарастардың қалыптасуына әкелуде. Сонымен қатар, мемлекет отбасыларға қолдау көрсететін бағдарламаларды іске асыру арқылы отбасы тұрақтылығын сақтауға тырысуда. Дегенмен, отбасылар арасындағы әлеуметтік теңсіздік, гендерлік мәселелер мен ақпараттандыру деңгейі жеткіліксіздігі сияқты проблемалар да орын алып отыр.

Отбасы – қоғамдағы тұрақтылықтың негізі болғандықтан, бұл саладағы саясатты жетілдіру маңызды. Әсіресе, гендерлік тепе-теңдік, отбасылық тәрбиенің сапасы, жастардың отбасылық өмірге дайындығы және әлеуметтік қорғау тетіктерін жетілдіру – маңызды бағыттар.

Қалада тіркелген некелер мен ажырасулар санының азаюы, қалада жұмыс істейтін жастардың көп болуы, жеке тұрғындардың көптеген әлеуметтік факторларға жауапкершілікпен қарауы, сондай-ақ, қалалық жерлерде білім мен мәдениеттің кеңірек таралуы ықпал етуі мүмкін. Ауылдарда әлеуметтік шектеулер аз болғанымен, ауылдағы адамдардың өмірі әлі де біршама тұрақты болып көрінеді. Ажырасудың төмендеуін талдай отырып, оның бүгінгі күнде жақсаруымен қатар, кейбір жағымсыз себептерін де ескерген жөн. Мысалы, әлеуметтік қолдаудың болмауы – бұл маңызды факторлардың бірі. Егер отбасылар қажетті қаржылық көмек, кеңес беру және психологиялық қолдау алмайтын болса, олар отбасылық өмірде қиындықтармен бетпе-бет келуі мүмкін. Мұндай жағдайда ерлі-зайыптылар қаржылық тәуелділікке немесе басқа ресурстардың жоқтығына байланысты бір-бірімен бірге тұруға мәжбүр болуы мүмкін. Сонымен қатар, мәдени және діни нанымдар да ажырасудың төмендеуіне әсер етуі мүмкін. Ажырасу мен қаржылық тұрақтылықты жоғалту қорқынышы бақытсыз қарым-қатынастардың сақталуына себеп болуы мүмкін. Жалпы, ажырасудың төмендеуі тек отбасылық саясаттың тиімділігін көрсетпейді, өйткені оның артында күрделі әлеуметтік және жеке факторлар тұрады. Әрбір отбасының жағдайы жеке ерекшеліктерге ие және ажырасудың төмендеуі осы жағдайлардың әсерінен де болуы мүмкін.

Жағдайды жақсарту үшін әлеуметтік қолдауды күшейту, отбасыларға қол жетімді кеңестер мен психологиялық көмек көрсету, қаржылық тәуелсіздікті арттыруға және отбасылық қатынастардың сапасын жақсартуға бағытталған бағдарламаларды дамыту қажет. Әсіресе ауылдық және шалғай аудандарда әлеуметтік қызметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша қосымша шараларды әзірлеу қажет.

Қорытынды

Отбасы – қоғамның іргетасын қалыптастыратын негізгі әлеуметтік институттардың бірі бола отырып, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының басты тіректерінің бірі ретінде қарастырылады. Сондықтан да отбасылық саясатты жетілдіру мен нығайту, оның институционалдық және құқықтық негіздерін тереңдету – Қазақстанның болашағын қамтамасыз етудегі маңызды стратегиялық міндеттердің бірі болып қала береді.

Жүргізілген талдау нәтижесінде отбасылық құрылым мен құндылықтардың біртіндеп өзгеріп жатқаны анықталды. Бұған жаһандану, жаппай қалаға көшу, мәдениет пен ой-сананың өзгеруі, сондай-ақ әлеуметтік және экономикалық жағдайларға бейімделу әсер етуде. Әсіресе, некеге тұру мен бала туу көрсеткіштеріндегі өзгерістер жастардың өмірлік басымдықтарының өзгеруімен, білім алу мен кәсіби өсімге деген ұмтылыстың күшеюімен, сондай-ақ отбасылық өмірді кейінге қалдыру тенденциясымен тығыз байланысты екендігі айқындалды.

Мемлекеттік статистикалық деректер некеге тұру мен ажырасу динамикасында белгілі бір өзгерістердің барын көрсетеді: 2019-2023 жылдар аралығында ресми тіркелген некелер саны төмендегенімен, ажырасу көрсеткіші де айтарлықтай азайған. Бұл жағдай, бір жағынан, отбасылық саясаттың әсерін көрсетуі мүмкін болса, екінші жағынан, әлеуметтік тәуелділік, мәдени шектеулер немесе ажырасудың әлеуметтік-экономикалық салдарларынан қорқу сияқты факторлардың ықпалымен де түсіндірілуі мүмкін. Демек, некенің сақталуы әрдайым отбасылық әл-ауқаттың немесе қарым-қатынас сапасының жоғары болуын білдіре бермейді.

Ауыл мен қала арасындағы әлеуметтік-мәдени айырмашылықтар да отбасылық құрылым мен динамикаға өз әсерін тигізуде. Қалалық жерлерде некеге тұру мен ажырасу үрдістерінің белсендірек жүруі урбанизация үдерістерімен және өмір сүру салтының өзгешелігімен түсіндірілсе, ауылдық өңірлерде бұл көрсеткіштер анағұрлым тұрақты сипатқа ие, бұл ауылдағы әлеуметтік құрылымның салыстырмалы тұрақтылығын білдіреді.

Қазақстандағы отбасылық саясаттың қазіргі жағдайына жүргізілген кешенді талдау бұл саланың әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз етудегі стратегиялық маңызын дәлелдей отырып, оны жетілдіру қажеттігін айқын көрсетеді. Қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттар отбасы институтын қолдауға бағытталғанымен, олардың практикалық тиімділігін арттыру мақсатында нақты, дәйекті және ғылыми негізделген қадамдар жүйесін енгізу өзекті мәселе ретінде қарастырылуы қажет.

Біріншіден, ауылдық аймақтарда әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті кеңейту – отбасылық саясатты өңірлік теңсіздік тұрғысынан оңтайландырудың маңызды шарты болып табылады. Шалғай өңірлерде тұратын азаматтар үшін әлеуметтік, психологиялық және медициналық қызметтердің сапалы және үздіксіз қолжетімділігін қамтамасыз ету

ауылдағы отбасы институтының тұрақтылығына, әлеуметтік интеграцияға және өмір сапасының артуына ықпал етеді.

Екіншіден, отбасыларға құқықтық, психологиялық және қаржылық қолдау көрсету механизмдерін жетілдіру – әлеуметтік осал топтарды қорғау мен отбасылық дағдарыстардың алдын алу тұрғысынан басымдыққа ие. Бұл бағытта отбасылық кеңес беру орталықтарының, кризистік қызметтердің және медиативтік құрылымдардың жұмысын жандандыру әлеуметтік тұрақтылықты нығайтудың тиімді құралы бола алады.

Үшіншіден, жастардың отбасылық өмірге даярлық деңгейін арттыру – ұлттың болашағын қалыптастыратын отбасылардың сапалық әлеуетін көтерудің маңызды тетігі. Бұл орайда білім беру жүйесіне отбасылық мәдениет, қарым-қатынас психологиясы, қаржылық сауаттылық және ата-аналық жауапкершілікке қатысты білім модульдерін енгізу арқылы жастардың саналы әрі жауапты некелік өмірге қадам басуын қамтамасыз ету қажет.

Төртіншіден, гендерлік теңдікті қамтамасыз ету тетіктерін жүйелі түрде нығайту – отбасылық қатынастарда әлеуметтік әділеттілік орнатуға, ер мен әйелдің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін өмірде жүзеге асыруға септігін тигізеді. Гендерлік саясаттың тиімділігі отбасылық қарым-қатынастардағы тепе-теңдікті сақтауға және қоғамдағы инклюзия деңгейін арттыруға негіз бола алады.

Жалпы алғанда, отбасы – әлеуметтік қатынастардың бастапқы буыны және ұлттық тұрақтылықтың іргетасы ретінде қарастырылуы тиіс. Осыған орай, жоғарыда аталған басымдықтарды іске асыру арқылы Қазақстан Республикасындағы отбасылық саясатты институционалдық, құқықтық және әлеуметтік тұрғыда жаңа сапалық деңгейге көтеруге толық мүмкіндік бар. Бұл бағытта жүргізілетін реформалар мемлекеттің демографиялық, әлеуметтік және экономикалық дамуының орнықты негізін қалыптастыруға қызмет етеді.

Авторлардың қосқан үлесі:

Ермекбаева Е.О. – мақаланы зерттеу тақырыбына сай ғылыми негізде жазып, оны техникалық рәсімдеп, деректік материалын толық жинап, жүйелеу;

Жанпейісова Қ.Д. – ғылыми мақаланың жазылуына ғылыми-әдістемелік бағыт-бағдар беріп, зерттеу тұжырымдамасын айқындауға және мазмұнын жетілдіруге жетекшілік ету;

Таштемханова Р.М. – мақаланың мазмұнын ғылыми тұрғыда редакциялап, қорытындыларын нақтылап, рәсімделу талаптарының сақталуын қадағалау.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenieglavy-gosudarstva-ktokaevana-tretem-zasedaniinacionalnogo-kurultaya-1525116> (қаралған күні: 16 сәуір 2025 ж.).

2. Gauthier, A.H. (1997) 'The State and the Family: A Comparative Analysis of Family Policies in Industrialized Countries', Soc. Forces, 76, 2, pp. 729-730.

3. Дармодехин, С.В. (1997) Государственная семейная политика в современной России: автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора социологических наук. Москва, с. 177.

4. Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында әлеуметтік саясат, әйелдер мен отбасы құқықтарын қорғау мәселелері талқыланды. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://ultcom.kz/trpost/39g7ppj9d1-ltti-riltaidi-trtnsh-otirisinda-leumettk> (қаралған күні: 16 сәуір 2025 ж.).
5. «Қазақстан отбасылары» (2024) ұлттық баяндамасы / О. Т. Бейсенбаев, О. В. Николаева, А. Т. Дюсенова, О. Ж. Төремұрат, А. Б. Иманқұл, А. Б. Куанышбаева, Г. Т. Илеуова, А. З. Сагынбаева, А. Н. Родионов, С. А. Калиева, А. Д. Макатова, Б. К. Ермекбаева. Астана қ.: Indesign studio, б. 360.
6. "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті - Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> (қаралған күні: 16 сәуір 2025 ж.).
7. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы 06.12.2016 ж. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384> (қаралған күні: 16 сәуір 2025 ж.).
8. «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығы. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U240000011> (қаралған күні: 16 сәуір 2025 ж.).
9. Искакова, Ж. (2019) «Государственная семейная политика Казахстана: анализ текущего состояния и тенденции развития», Казахстан Спектр, 92, 4.
10. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://adilet.zan.kz/> (қаралған күні: 25 наурыз 2025 ж.).
11. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://adilet.zan.kz/> (қаралған күні: 25 наурыз 2025 ж.).
12. Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсандағы N 223-IV Заңы. Сілтеме арқылы қол жетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000223_/comments (қаралған күні: 25 наурыз 2025 ж.).
13. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексі 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224> (қаралған күні: 25 наурыз 2025 ж.).
14. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-ҚРЗ. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> (қаралған күні: 25 наурыз 2025 ж.).
15. 2023 жылғы некелесу мен ажырасу. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://stat.gov.kz/ru/news/na-1000-brakov-prikhoditsya-333-razvoda-/> (қаралған күні: 25 наурыз 2025 ж.).
16. Алғашқы рет некеге тұрған ер адамның орташа жасы. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://w3.unece.org/PXWeb/ru/Table?IndicatorCode=300> (қаралған күні: 25 наурыз 2025 ж.).
17. Бірінші бала туудың орташа жасы. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://w3.unece.org/PXWeb/ru/Table?IndicatorCode=34> (қаралған күні: 25 наурыз 2025 ж.).
18. 2023 жылы туу көрсеткіші туралы. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://stat.gov.kz/ru/news/o-rozhdaemosti-v-2023-godu/> (қаралған күні: 25 наурыз 2025 ж.).

Е.О. Ермакбаева, К.Д. Жанпейісова, Р.М. Таштемханова

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
(E-mail: Enkosha_86_86@mail.ru, zhanpeiisova_kd@enu.kz, tashtemkhanova@mail.ru)*

Государственная политика в сфере семьи в Казахстане: социально-политический аспект

Аннотация. В последнее время тема государственной семейной политики привлекает внимание большого числа исследователей в контексте глобализации. Несмотря на то что в Казахстане данное направление пока недостаточно изучено, в научном сообществе наблюдается растущий интерес к вопросам семьи. В современных условиях особое значение приобретают семейные демографические проблемы, как важная составляющая государственной и социальной политики. Необходимо уделять внимание и вопросам устойчивости современной семьи, в том числе через анализ динамики разводов, их социальных и региональных характеристик, а также причин распада семей.

В данной статье рассматриваются социально-политические аспекты института семьи в Республике Казахстан. В исследовании использованы официальные статистические данные, государственные программы и результаты социологических опросов. Проанализирована динамика трансформации семейных структур, выявлены факторы, влияющие на снижение числа браков, а также оценены меры государственной поддержки, роль гендерных аспектов и место семьи в системе общественных ценностей. Также рассматриваются законодательные акты, направленные на защиту прав семьи, предотвращение бытового насилия, улучшение социального положения членов семьи и укрепление семейного института в целом. Особое внимание уделено влиянию глобализации и урбанизации на структуру современной казахстанской семьи.

Предложенные в статье рекомендации могут стать основой для повышения эффективности государственной семейной политики, улучшения благосостояния семей, защиты прав женщин и детей, а также формирования устойчивой и гармоничной семейной среды в стране.

Ключевые слова: семья, социальная политика, семейная политика, демография, социальное развитие, демографическая политика, урбанизация, семейная структура.

Y.O. Yermekbaeva, K.D. Zhanpeiisova, R.M. Tashtemkhanova

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
(E-mail: Enkosha_86_86@mail.ru, zhanpeiisova_kd@enu.kz, tashtemkhanova@mail.ru)*

State Policy in the Sphere of Family in Kazakhstan: Socio-Political Aspect

Abstract. In recent years, the topic of state family policy has attracted increasing attention from researchers worldwide, especially in the context of globalization. Although this field remains relatively underexplored in Kazakhstan, there is a growing demand within the academic community to address family-related issues. Today, family and demographic challenges represent crucial areas for social and public policy, requiring careful scholarly focus. Special attention should also be paid to the stability of the modern family, including divorce dynamics, social and regional typologies, and underlying causes.

This article analyzes the socio-political aspects of the family institution in the Republic of Kazakhstan. The study is based on official statistical data, government programs, and sociological research findings. It explores the transformation dynamics of family structures, identifies factors contributing to the decline in marriage rates, evaluates state support mechanisms, and examines the influence of gender

roles and societal values. Additionally, the paper reviews key legislative acts aimed at protecting family rights, preventing domestic violence, improving the social status of family members, and strengthening the family institution. The analysis also considers the impact of globalization and urbanization on contemporary family configurations in Kazakhstan.

The proposed recommendations offer a foundation for enhancing the effectiveness of state family policy, improving family welfare, safeguarding women's and children's rights, and fostering a more stable and harmonious family environment across the country.

Keywords: family, social policy, family policy, demography, social development, demographic policy, urbanization, family structure.

References

1. Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyн Yltyk kyryltajdyn «Adal adam – Adal enbek – Adal tabys» atty yshinshi otyrysynda sojlegen sozi. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenieglavy-gosudarstva-ktokaevana-tretem-zasedaniinacionalnogo-kurultaya-1525116> (karalghan kyni: 16 sauir 2025 zh.). [in Kazakh]
2. Gauthier, A.H. (1997) 'The State and the Family: A Comparative Analysis of Family Policies in Industrialized Countries', Soc. Forces, 76, 2, pp. 729-730.
3. Darmodehin, S.V. (1997) Gosudarstvennaya semejnaya politika v sovremennoj Rossii: avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni doktora sociologicheskikh nauk. Moskva, s. 177. [in Russian]
4. Yltyk kyryltajdyn tortinshi otyrysynda aleumettik sayasat, ajelder men otbasy kykyktaryн korgau maseleleri talkylandy. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://ultcom.kz/tpost/39g7ppj9d1-ltti-riltaidi-trtnsh-otirisinda-leumettik> (karalghan kyni: 16 sauir 2025 zh.). [in Kazakh]
5. «Kazakstan otbasylary» (2024) yltyk bayandamasy / O.T. Bejsenbaev, O.V. Nikolaeva, A.T. Djusenova, O.Zh. Toremyrat, A.B. Imankyl, A.B. Kuanyshbaeva, G.T. Ileuova, A.Z. Sagynbaeva, A.N. Rodionov, S.A. Kalieva, A.D. Makatova, B.K. Ermekbaeva. Astana: Indesign studio, b. 360. [in Kazakh]
6. "Kazakstan-2050" Strategiysy kalyptaskan memlekettin zhana sayasi bagyty Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti - N.A. Nazarbaevtyн Kazakstan halkyna Zholdaу, Astana, 2012 zhylygy 14 zheltoksan. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> (karalghan kyni: 16 sauir 2025 zh.). [in Kazakh]
7. Kazakstan Respublikasyndagy 2030 zhylyga dejingi otbasylyk zhane genderlik sayasat tyzhyrymdamasy 06.12.2016 zh. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384> (karalghan kyni: 16 sauir 2025 zh.). [in Kazakh]
8. «Kazakstan Respublikasynyn 2029 zhylyga dejingi yltyk damu zhosparyн bekitu zhane Kazakstan Respublikasy Prezidentinин kejbir zharlyktaryн kyshi zhojyldy dep tanu turaly» Kazakstan Respublikasy Prezidentinин 2024 zhylygy 30 shildedegi № 611 Zharlygy. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U240000011> (karalghan kyni: 16 sauir 2025 zh.). [in Kazakh]
9. Iskakova, Zh. (2019) «Gosudarstvennaja semejnaya politika Kazahstana: analiz tekushhego sostoyaniya i tendencii razvitiya», Kazahstan Spektr, 92, 4. [in Russian]
10. Neke (erli-zajyptylyk) zhane otbasy turaly Kazakstan Respublikasynyn 2011 zhylygy 26 zheltoksandagy № 518-IV Kodeksi. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://adilet.zan.kz/> (karalghan kyni: 25 nauryz 2025 zh.). [in Kazakh]
11. Tyrmystyk zorlyk-zombylyk profilaktikasy turaly Kazakstan Respublikasynyn 2009 zhylygy 4 zheltoksandagy N 214-IV Zany. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://adilet.zan.kz/> (karalghan kyni: 25 nauryz 2025 zh.). [in Kazakh]
12. Erler men ajelderin ten kykyktaryн zhane ten mymkindikterinин memlekettik kepildikteri turaly Kazakstan Respublikasynyn 2009 zhylygy 8 zheltoksandagy N 223-IV Zany. Silteme arkyly kol

zhetimdi: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000223_/comments (karalghan kyni: 25 nauryz 2025 zh.). [in Kazakh]

13. Kazakhstan Respublikasynyn Aleumettik Kodeksi 2023 zhylgy 20 sauirdegi № 224-VII ҚРЗ. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224> (karalghan kyni: 25 nauryz 2025 zh.). [in Kazakh]

14. Kazakhstan Respublikasynyn Enbek Kodeksi 2015 zhylgy 23 karashadagy № 414-ҚРЗ. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> (karalghan kyni: 25 nauryz 2025 zh.). [in Kazakh]

15. 2023 zhylgy nekelesu men azhyrasu. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://stat.gov.kz/ru/news/na-1000-brakov-prikhoditsya-333-razvoda-/> (karalghan kyni: 25 nauryz 2025 zh.). [in Kazakh]

16. Algashky ret nekege tyrgan er adamnyn ortasha zhasy. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://w3.unece.org/PXWeb/ru/Table?IndicatorCode=300> (karalghan kyni: 25 nauryz 2025 zh.). [in Kazakh]

17. Birinshi bala tuudyn ortasha zhasy. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://w3.unece.org/PXWeb/ru/Table?IndicatorCode=34> (karalghan kyni: 25 nauryz 2025 zh.). [in Kazakh]

18. 2023 zhily tuu korsetkishi turaly. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://stat.gov.kz/ru/news/o-rozhdaemosti-v-2023-godu/> (karalghan kyni: 25 nauryz 2025 zh.). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Ермекбаева Е.О. – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Жанпейісова Қ.Д. – хат-хабарға жауапты автор, саяси ғылымдар кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Таштемханова Р.М. – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Ермекбаева Е.О. – PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Жанпейісова Қ.Д. – автор для корреспонденции, кандидат политических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Таштемханова Р.М. – доктор исторических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Yermekbaeva Y.O. – PhD doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Zhanpeiisova K.D. – corresponding author, Candidate of Political Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Tashtemkhanova R.M. – Doctor of Historical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).